

Қазақстан Республикасының Ішкі әскерлерінің мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің ҚАУЛЫСЫ 1995 жылғы 1 қыркүйек N 1217

Қазақстан Республикасының аумағында қоғамдық қауіпсіздікті және құқық тәртібін қорғауды нығайту мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі құқық тәртібін қорғау үшін және Жамбыл қаласындағы 500 бірлік санындағы арнаулы моторландырылған милиция полкын қысқарту есебінен Көкшетау Жамбыл қалаларында орналастырып, әрқайсысы 275 бірлік санында Қазақстан Республикасының Ішкі әскерлерінің арнаулы моторландырылған батальондарын құрсын.

2. Көкшетау, Жамбыл облыстарының әкімдері олардың тұрағын,

әлеуметтік-тұрмыстық жайғастырылуын және материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз етілуін қамтамасыз етсін. Бұл мақсат үшін жергілікті бюджеттен қажетті қаржы бөлсін.

3. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі, Ішкі істер министрі жаңадан құрылған бөлімдерді жинақтау және қалыптастыру үшін Қазақстан Республикасының Ішкі әскерлеріне шақыруды қамтамасыз етсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі